# Зат есім

**Зат есім** – заттың, ұғымының атын білдіретін сөз табы.

***Кім?*** (адам, мамандық, туыстық атаулар) ***не***? **кімдер? нелер?** сұрақатырна жауап береді.



**Сұрақтарға жауап беретін сөздерді көп нүктенің орнына қойып оқы.**

(**Не?**) . . . гүлге қонды.
(**Кім?**) . . . . . . . егін екті.
(**Не?**) . . . . . . . . жердің аты.
(**Кім?**) . . . . үйге кірді.

**Керекті сөздер:** Сарыбел, атам, егінші, ара.

# Зат есім түрлері

- Тұлғасына қарай
- Құрамына қарай
- Мағынасына қарай
- Атауына қарай

# Тұлғасына қарай

**Негізгі зат есім**

**Бөлшектенбейтін түбір зат есім**

Мысалы: үй, қала

**Туынды зат есім**

**Жұрнақпен жасалған зат есім**

Мысалы: оқушы, орындық

| | |
|---|---|
| Қажетті сөздер | • ана, іскер, көл, кезекші, байлық, әже |
| Негізгі зат есім | |
| Туынды зат есім | |

Құрамына қарай

- Дара зат есім бір ғана түбірден тұрады
  - мысалы: Отан, ер, дос және т. б.
- Күрделі зат есім кемінде екі сөзден тұрады
  - Мысалы: баспасөз, мұражай, ата заң және т.б.

**Артық сөзді тауып, зат есімнің қа түріне жататынын анықтаңыз.**

1. ***Өсу, біту, шығу, өну, көгеру;***
2. ***Даму, өрлеу, өсу, қарыштау, алшақтау;***
3. ***Абай, Жоламан, Мағжан, «Қазақ***

# Мағынасына қарай

## Деректі зат есім

Көзбен көрінетін заттың атауы

Мысалы: жүзік, ақша

## Дерексіз зат есім

Оймен білінетін ұғыммен құбылыс атауы

Мысалы: адамгершілік, абырой

***Деректі және дерексіз зат есімдерді анықтаңыз:***

1) **Білімін жетілдіру үшін оған кітапты көп оқу керек.**

2) **Күннен де білім жарық.**

3) **Жеті жұрттың тілін біл,**
   **Жеті түрлі ілім біл.**

# Атауына қарай

- Жалпы есім
- Жалқы есім

# Жалқы есім

- **Кісі, аты, тегі**: Амина, Тахир
- **Жер-су атауы**: Ақтөбе, Жайық
- **Астрономиялық атауы**: Венера, Ай
- **Аң-құстың жеке атауы**: Ақтабан, Бүркіт
- **Шығарма атауы:** «Шұғаның белгісі», «Абай жолы»
- **Мекеме атауы:** Рахат, Данон

Қажетті сөздер

- Абай, арман, , қуаныш, жақсылық,
- қайғы, Данабек, сана, «Кәусар» газеті;

Жалқы есім

Жалпы есім

# Зат есімнің жасалу тәсілдері

## Лексикалық

байырғы зат есімдер, сондай-ақ, басқа тілдерден енген зат есімдер, бастапқы семантикалық мағынасы не кеңею, не тартылу, не ауысу арқылы туған жаңа зат есімдер мен өзге сөз таптарынан субстантивтену арқылы пайда болған зат есімдер жатады

## Синтаксистік

кемінде екі я онан астам түбірлердің бірігуі, қосарлануы, тіркесіп құралуы, қысқарып құралуы арқылы және лексикалану негізінде пайда болған күрделі зат есімдер жатады.

## Морфологиялық

зат есімнің өзінен, өзге сөз таптарынан тиісті жұрнақтар арқылы туған туынды зат есімдер жатады

# Зат есім тудыратын жұрнақтар

| есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар: | етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар: |
|---|---|
| **-шы, -ші:** ***етік+ші, балық+шы, аң+шы т.б.***<br>**-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік:** ***жақсы+лық, дос+тық, шын+дық т.б.***<br>**-ша, -ше:** ***бөлім+ше, кітап+ша, маңдай+ша т.б.***<br>**-шық, -шік: ойын+шық, үй+шік т. б.** | **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе:** ***бөл+ме, тоқы+ма, кес+пе т.б.***<br>**-ым, -ім, -м:** ***бөл+ім, біл+ім, тоқта+м т.б.***<br>**-қы, -кі, -ғы, -гі:** ***шап+қы, бұр+ғы, сүз+гі, ашыт+қы т.б.***<br>**-ыс, -іс, -с:** ***жең+іс, айт+ыс, тала+с т.б.***<br>**-ық, -ік, -қ, -к:** ***қаз+ық, көр+ік, сұра+қ, тіле+к т.б.***<br>**-ыш, -іш, -ш:** ***қуан+ыш, өкін+іш, қызған+ыш т.б.***<br>**-уыш, -уіш:** ***тырна+уыш, еле+уіш және т.б.*** |

1. Етістіктен жасалған зат есімді белгілеңіз.
   A) Жиын.
   B) Үйсіз.
   C) Қалалық.
   D) Өткір.
   E) Өтірікші.
   Дұрыс жауап: А
2. Зат есім тудырушы жұрнақтарды белгілеңіз.
   A) –лау,-леу.
   B) –дыр,-ыр.
   C) –шы,-ші.
   D) –дау,-деу.
   E) –с,-ыс.

Дұрыс жауабы: с

3. Туынды зат есімі бар мақал-мәтелді табыңыз.
   A) Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді.
   B) Жеті рет өлшеп, бір рет кес.
   C) Татулық- табылмас бақыт.
   D) Ынтымақ түбі береке.
   E) Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі.

Дұрыс жауап: С

# Зат есімнің

| | *жекеше* | *көпше* |
|---|---|---|
| I | Мен оқушымын | Біз оқушымыз |
| II | Сен оқушысың | Сендер оқушысыңдар |
| | Сіз оқушысыз | Сіздер оқушысыздар |
| III | Ол оқушы | Олар оқушылар |
| | *жекеше* | *көпше* |
| I | Мен ұстазбын | Біз ұстазбыз |
| II | Сен ұстазсың | Сендер ұстазсыңдар |
| | Сіз ұстазсыз | Сіздер ұстазсыздар |
| III | Ол ұстаз | Олар ұстаздар |

**Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойыңыз.**

Мен – қазақ…, мың өліп, мың тірілген. Мен Оразбай емес…, елдің жазықсыз, қылмыссыз адамы…. Біз бейбітшілікті сүйетін ел…. Сіз талантты ақын….

# Зат есімнің тәуелденуі

| | жекеше | Көпше |
|---|---|---|
| I | Менің оқушым | Біздің оқушыларымыз |
| II | Сенің оқушың | Сендердің оқушыларың |
| | Сіздің оқушыңыз | сіздердің оқушыларыңыз |
| III | Оның оқушысы | Олардың оқушылары |

**Көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауын қойыңыз.**

Түй.. шықты өрісіне,
Боталар. майманңдап
Қой.. өрді қапталдап
Қозылар.. салды ойнақ.

(Ж. Жабаев.)

# Зат есімнің

| Септік аты | сұрақтары | жалғаулары | мысалдары | |
|---|---|---|---|---|
| Атау септік | кім? не? | | кітап | оқушы |
| ілік септік | кімнің? ненің? | *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің.* | Кітаптың | оқушының |
| барыс септік | кімге? неге? (қайда?) | *-ға/-ге, -қа/-ке,*<br>*на/-не ( III жақ тәуелдік жалғаудан соң)*<br>*-а/-е (I жақ тәуелдік жалғаудан соң)* | Кітапқа<br>Кітабына<br>Кітабыма | Оқушыға<br>оқушысына<br>оқушыма |
| табыс септік | кімді? нені? | *-ды/-ді, -ты/-ті, -ны/-ні*<br>*-ын/-ін/-н ( III жақ тәуелдік жалғаудан соң)* | Кітапты<br>Кітабын | Оқушыны<br>оқушысын |
| жатыс септік | кімде? неде? (Қайда?) | *-да/-де, -та/-те*<br>*-нда/-нде ( III жақ тәуелдік жалғаудан соң)* | Кітапта<br>Кітабында | Оқушыда<br>оқушысында |
| шығыс септік | кімнен? неден? (қайдан?) | *-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен* | Кітаптан | оқушыдан |
| көмектес септік | кіммен? немен? (қалай?) | *-мен, -бен, -пен (жуан түрі болмайды)* | Кітаппен | оқушымен |

| сөздер | Атау септік | Ілік септік | Барыс септік | Табыс септік | Жатыс септік | Шығыс септік | Көмектес септік |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| домбыраның | | | | | | | |
| қаламмен | | | | | | | |
| гүлді | | | | | | | |
| тілден | | | | | | | |
| сөзге | | | | | | | |
| балаға | | | | | | | |
| кітапты | | | | | | | |
| мектеп | | | | | | | |
| ұстазбен | | | | | | | |
| шаңқобыз | | | | | | | |
| оқушыға | | | | | | | |

# Қорытынды тест жұмысы

1. **Мақал-мәтелдегі негізгі зат есімді табыңыз.**

Сулы жер - нулы жер, бұлақты жер - тұрақты жер.
A) Сулы.
B) Нулы.
C) Бұлақты.
D) Жер.
E) Құрақты.
Дұрыс жауап: D

**2.Етістіктен жасалған туынды зат есімі бар сөйлемді табыңыз.**
A) Әжемнің үйінде алма бағы бар.
B) Жаңбырлы күні далада көп жүруге болмайды.
C) Еңбекқор адам ғана өмірден өз орнын табады.
D) Кезекші кабинетті сыпырғышпен сыпырды.
E) Көңілді жүрген адамның өмірі ұзақ болады.
Дұрыс жауап: D

**3. Зат есімнен жасалған туынды зат есімді табыңыз.**
A) Білімді.
B) Сатушы.
C) Биші.
D) Кеспе.
E) Биіктік.
Дұрыс жауап: С

**4. «Сыпырғыш» зат есімі қай сөз табынан жасалғанын анықтаңыз.**
A) Зат есім.
B) Сын есім.
C) Етістік.
D) Есімдік.
E) Сан есім.
Дұрыс жауап: С

**5.Тәуелдік жалғаулы зат есімді табыңыз.**
A) Сатушылар.
B) Сатушыға.
C) Сатушымын.
D) Сатушым.
E) Сатушысыз.
Дұрыс жауап: D

**6. Туынды зат есімді табыңыз.**
A) Салмақты.
B) Ақылды.
C) Мамандар.
D) Өнерлі.
E) Оқулық.
Дұрыс жауап: E
**7. Туынды зат есімі бар сөйлемді табыңыз.**
A) Мен интернетті көп қолдандым.
B) Осы аптада тағы да ақпараттар жинадым.
C) Оқулықсыз келген оқушылар да болды.
D) Құжаттарды дұрыс толтыру керек.
E) Мектепте достарыммен кездестім.
Дұрыс жауап: C
**8. Жұрнақ арқылы жасалған туынды зат есімді табыңыз.**
A) Балалар.
B) Достық.
C) Ғарыш.
D) Сымбатты.
E) Абыройлы.
Дұрыс жауап: E

**9. Негізгі зат есімді табыңыз.**

А) Білекті.
В) Білімді
С) Сүзгіш.
D) Білгіш.
E) Салмақ.
Дұрыс жауап: Е

**10. Барыс септіктің жалғауы бар сөзді көрсет:**

А) қаламға, дәптерге, орындыққа
В) пеналда, мұғалімде, үстелде
С) борды, тақтаны, терезені
D) өшіргішпен, сөздікпен, қолмен
Жауабы: А

# Қолданылған әдебиеттер:


- http://bilimdiler.kz/kazakh_tili/26196-zat-esimnin-septelui-test.html
- http://testent.ru/load/testy/kazak_tili/1/35-1-0-458

# Назарларыңызға рахмет!!!